



«ІТ және жоғары колледжі»

«ІТ және жаңа технологиялар
жоғары колледжі» КМҚК директоры
Ш.К.Кумашева

Педагогикалық этика туралы ереже

Семей, 2025



1. Жалпы ережелер

Осы Педагогикалық этика қағидалары (бұдан әрі – педагогикалық этика) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 208 «Педагогикалық этика мәселелерінің кейбір сұрақтары туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ жалпыға танылған адамгершілік қағидаттары мен Қазақстан Республикасының нормаларына негізделеді.

Педагогикалық этика – колледж педагогтары басшылыққа алатын жалпы қағидаттар мен нормалардың жиынтығын білдіреді.

Педагогтардың педагогикалық этика ережелерін білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметінің сапасы мен еңбек тәртібін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

Педагогикалық этика мәтіні білім беру процесіне қатысушыларға қолжетімді жерде орналастырылады.

Педагогқа қатысты тергеулер мен олардың негізінде қабылданған шешімдер тек оның жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2. Педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары

Педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

Педагогтың адалдығы оның оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне жауапкершілігін, өзінің қызметінде түзетулер енгізе білуін, сынға және рефлексияға қабілеттілігін, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікіріне ашық болуын білдіреді.

2) шынайылық:

Педагогтың шынайылығы оның бағалау қызметінің ашықтығын, қалыптастыратын білім беру ортасының айқындығын көздейді. Шынайылық педагогқа тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқықтарын бұзуға тыйым салады.

3) жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу:

Педагог тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), кәсіби назар аударған адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынаста әдепті болады. Ол баланың дамуын шын жүректен қалайды, әрдайым көмек көрсетуге дайын, тәрбиеленушінің жетістіктерін (сәтсіздіктерін) бағалауда нәзіктік танытып, оның тұлғалық өсуіне ықпал етеді. Білім беру процесіне қатысушыларға қатысты физикалық, моральдық және психологиялық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

4) патриотизм:

Педагог өз Отанын – Қазақстан Республикасын, оның тарихын, дәстүрлері мен тілін сүйіспеншілікпен және адалдықпен құрметтейді. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтап, бұл қарым-қатынасты тәрбиеленушілерге жеткізеді.

5) жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу және толеранттылық:

Жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығын мойындай отырып, педагог әрбір ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін, құндылықтары мен қадір-қасиетін құрметтейді. Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, тәрбиеленушілерде барлық ұлттар мен адамдардың жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, дініне, азаматтығына, шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына немесе өзге де мән-жайларға қарамастан,



құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуді қалыптастырады. Педагогтың толеранттылығы тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, мәдениетке, көзқарасына, туған жері мен тұрғылықты жеріне қатысты төзімді болуын, сондай-ақ тәрбиеленушілердің кемшіліктерін түсініп, жұмыста ескеруді білдіреді.

Педагог оқу ұжымында сенім мен құрмет атмосферасын қалыптастыруға ықпал етеді.

6)кәсіби

Ынтымақ:

Педагог мамандықтың беделін ойлайды, әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, ұстаздықтың беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермейді. Әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін орындауына кедергі келтіруге, қандай да бір зиян келтіруге жол берілмейді. Педагог әріптестеріне теориялық және әдістемелік шеберлікті арттыруда, шығармашылық қабілеттерін дамытуда көмек көрсетеді, қиындыққа тап болған әріптестеріне қол ұшын береді. Кәсіби ынтымақ ешқашан жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға негіз бола алмайды.

7)кәсіби

дамудың

үздіксіздігі:

Педагог өз кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпығылыми деңгейін үнемі жетілдіреді.

3. Педагогикалық этиканың негізгі нормалары

Педагогтар қызметтік және қызметтік емес уақытта:

- педагогикалық этиканың негізгі қағидаттарын сақтайды;
- тәрбиеленушілерді ата-ананы құрметтеу, этномәдени құндылықтарды бағалау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеуге ықпал етеді;
- тәрбиеленушілерге Отан – Қазақстан Республикасына құрметпен қарауды дарытып, патриотизм рухын қалыптастырады;
- Қазақстан Республикасы педагогының жоғары мәртебесін төмендететін әрекеттерге жол бермейді;
- қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы орындайды;
- кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өзін-өзі оқыту және өзін-өзі дамыту жұмыстарымен белсенді айналысады;
- еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтайды;
- білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарап, оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдайды, өз мінез-құлқымен адалдықтың, бейтараптылықтың және әділдіктің үлгісін көрсетеді;
- қызметтік ақпаратты жеке бас пайдасына және өзге де жеке мақсатта пайдалануға жол бермейді;
- жеке үлгісімен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етеді;
- қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік стильдегі киімді ұстанады;
- педагог мәртебесін жеке басының пайдасы мен өзге де мақсаттары үшін пайдаланудан аулақ болады;
- өз қызметінде академиялық адалдық қағидаттарын қатаң сақтайды, оның ішінде академиялық адалдықты білім беру ортасында адалдық пен өзара құрметті қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде қамтамасыз етеді, академиялық мәдениетті қалыптастырушы тәлімгер ретінде тәрбиеленушілерге құрмет



көрсетеді, академиялық адалдықтың жоғары стандарттарын ілгерілету мен қорғауға қатысушыларды ынталандырады, пән саясатын, студенттерден күтілетін талаптарды айқындайды, олардың жауапкершілігін қамтамасыз етеді және академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарын бұзған жағдайда тиісті шаралар қабылдайды, академиялық әділетсіздікке жол бермейтін, білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін академиялық орта қалыптастырады;

- БАҚ-та, соның ішінде интернет-басылымдарда материалдарды жеке тұлға ретінде тек өз атынан жариялайды, пікірталастарды мәдениетті түрде жүргізеді, конструктивті емес сыннан және әдепсіз пікірлерден аулақ болады, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты жарияламайды, қоғамдағы педагогтың жоғары мәртебесін түсірмейді;
- колледж атынан БАҚ-тағы жарияланымдарды, көпшілік алдында сөйлеген сөздерді осы ұйымның басшысымен келіседі;
- әлеуметтік желілерде тексерілмеген және (немесе) шынайы емес, (немесе) әдепсіз ақпарат таратпайды, қоғамда педагогтың жоғары мәртебесін нығайтуға ықпал етеді;
- білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға ықпал етеді;
- тәрбиеленушінің жетістіктері (сәтсіздіктері), оның әлеуметтік жағдайы, ата-анасының (занды өкілдерінің) жұмыс орны құпия сақталады және бұл мәліметтер кәмелетке толмаған тәрбиеленушінің ата-анасының (занды өкілдерінің) жазбаша келісімімен не кәмелетке толған тәрбиеленушінің жазбаша келісімімен ғана жарияланады.

Білім беру процесінің қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогтар:

1. адамның жасына, жынысына, ұлтына, дініне, азаматтығына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына немесе өзге де мән-жайларға қарамастан, оның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді;
2. білім беру процесінің қатысушыларына аты-жөнін бұрмаламай, құрметті түрде және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып жүгінеді;
3. білім беру процесінің қатысушыларына қаржылық және өзге де бопсалауға жол бермейді, сондай әрекеттердің әріптестер тарапынан орын алуына тосқауыл қоюға күш салады;
4. өз әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп бермейді, оған төзімділік танытады, конструктивті сынды кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және жетілдіру үшін пайдаланады;
5. білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді;
6. педагогикалық этиканы бұзу туралы шағым жасаған тұлғаларды кемсітпейді.

Әріптестермен қарым-қатынаста педагогтар:

1. жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, әдепті және сыпайы болады;
2. басқа педагогтың кәсіби біліктілігін көпшілік алдында күмәнға алмайды;
3. негізсіз және дәлелсіз шағымдардан бас тартады, педагогикалық этиканы бұзғаны үшін шағым жасаған тұлғаға қарсы шара қолданбайды.

Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Педагогикалық этиканы сақтау мониторингін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының Педагогикалық этика кеңестері жүзеге асырады.



Колледжде Педагогикалық этика кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

Осы Қағидалар колледж жанындағы педагогикалық этика кеңесінің қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

Колледждегі педагогикалық этика кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) – педагогтардың педагогикалық этиканы сақтау мәселелерін қарайтын, білім беру ұйымдарында құрылатын алқалы орган болып табылады.

Кеңес педагогтардың педагогикалық этиканы сақтау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 84 бұйрығына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен өкілеттіктері

Кеңестің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. педагогикалық этика бұзушылықтарының мониторингін жүргізу, олардың алдын алу және профилактикасы;
2. колледж ұжымындағы адамгершілік-психологиялық ахуалды жақсартуға, педагогикалық этика бұзушылықтарымен байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;
3. педагогтардың жауапкершілігін дұрыс қарастыру үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық әрі объективті зерттеу;
4. педагогикалық этика бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарастыру және олардың негізінде колледж басшысына ұсыныстар әзірлеу.

Кеңес өз құзыреті шегінде:

1. өз отырыстарында педагогтарды және қаралып отырған мәселелерге қатысы бар тұлғаларды тыңдайды;
2. өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін білім беру ұйымынан құжаттар, материалдар мен ақпараттарды сұратады;
3. педагогтардан және қаралып отырған мәселелерге қатысы бар тұлғалардан түсініктеме және (немесе) мәліметтерді талап етеді;
4. педагогикалық этика нормаларын бұзу фактілерін тексеруді жүргізу жөнінде колледж басшысына ұсыныстар енгізеді;
5. еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық этика бұзушылықтарының алдын алу жөнінде колледж басшысына ұсыныстар енгізеді;
6. педагогикалық этиканы бұзу үшін жауапкершілік туралы мәселені колледж басшысының қарауына енгізеді;
7. колледж басшылығы Кеңестің ұсынымдарын тиісінше қарамаған жағдайда, құзыретті мемлекеттік органдарға немесе тиісті лауазымды тұлғаларға лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен жүгінеді;
8. тараптарды татуластыру жөнінде жұмыс жүргізеді.



3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

Кеңес төрағадан, хатшыдан және өзге де мүшелерден тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы тиіс және 7 адамнан кем болмауы керек (Кеңес хатшысын есептемегенде).

Кеңес құрамына мына тұлғалар кіреді:

1. білім беру басқармаларының (бөлімдерінің) өкілдері, кәсіподақтар және (немесе) үкіметтік емес ұйымдар және (немесе) білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;
2. кемінде екі педагог;
3. зейнеткерлікке шыққан педагогтар.
4. Колледж басшысы, басқарушылық, әкімшілік, көмекші персонал қызметкерлері, осы ұйымның білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына мүше ретінде кірмейді. Алайда Кеңестің хатшысы ретінде колледждің басқарушылық, әкімшілік, көмекші персонал қызметкерлері бола алады.

Кеңес құрамына мына тұлғалар кірмейді:

1. сотпен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке шектеулі қабілетті деп танылғандар;
2. сотпен белгілі бір мерзімге мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылғандар;
3. мемлекеттік қызметті беделден түсіретін тәртіптік теріс қылық үшін жұмыстан шығарылғандар;
4. бұрын сотталған немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарына немесе 36-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылғандар;
5. құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан, әскери қызметтен теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар (жұмыста дәлелсіз себепсіз қатарынан үш сағаттан астам болмаған жағдайларды қоспағанда).
6. Кеңес педагогикалық кеңесте сайланады.

Колледж басшысы:

1. Кеңесті қалыптастыру кезінде заңнаманың талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
2. Кеңесті уақтылы сайлау үшін қажетті рәсімдердің жүргізілуін қамтамасыз етеді;
3. Кеңестің жұмысына жағдай жасайды және қолдау көрсетеді.
8. Кеңестің құрамы колледж басшысының бұйрығымен бекітіледі.
9. Кеңестің төрағасы мен хатшысы алғашқы отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.
10. Кеңес хатшысы Кеңестің дауыс беруіне және мәселелерді талқылауға қатыспайды. Ол Кеңестің іс жүргізуін қамтамасыз ететін тұлға болып табылады: мүшелер мен шақырылған тұлғаларды отырыстың күні мен өтетін орны туралы хабардар ету, Кеңестің жұмыс жоспарының жобасын дайындау, хаттаманы жүргізу және сақтау, өтініштер мен ұсыныстарды қабылдау, Кеңес атына түскен хаттарды тіркеу. Кеңес хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалайды және оның нәтижелері туралы Кеңес мүшелерін хабардар етеді.
11. Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарын шақырады және күн тәртібін белгілейді.

Кеңес мүшелері:

1. күн тәртібіне ұсыныстар енгізеді;
2. Кеңес отырысына материалдарды және оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысады;



3. Кеңес қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысады.
Кеңестің кезектен тыс отырысы төрағаның шешімімен және (немесе) колледж басшысының ұсынысы бойынша және (немесе) Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен астамының бастамасымен өткізілуі мүмкін.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесі қаралған кезде педагогтың құқығы бар:

1. қаралатын мәселе туралы жазбаша түрде ақпарат алуға;
2. қаралатын мәселеге қатысты барлық материалдармен танысуға;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін тәсілдермен қорғауға;
4. шешімді жазбаша түрде алуға;
5. қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға.

Кеңес мүшесінің өкілеттігі осы Ереженің 8-тармағында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Кеңес мүшесі қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

Кеңес шешімімен мүше мына жағдайларда оның құрамынан шығарылуы мүмкін:

1. бір жыл ішінде үш реттен артық отырысқа қатыспаса (уақытша еңбекке жарамсыздық, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылу, демалыста болу, іссапар жағдайларын қоспағанда);
2. Кеңес құрамынан шығу туралы өтініш берген жағдайда;
3. педагогқа қатысты қаралудағы істің мән-жайларын оның жазбаша келісімінсіз жария еткен жағдайда;
4. осы Ереженің 16-тармағында көзделген жағдайларда;
5. осы Ереженің 19-тармағының талаптарын бұзған жағдайда.

Кеңес отырыстары:

1. Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болып есептеледі;
2. Жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына кемінде бір рет және өтініштер мен шағымдар түсуіне қарай өткізіледі;
3. Отырыстың күні мен күн тәртібі туралы колледж қызметкерлері мен мүдделі тұлғаларға Кеңес хатшысы өткізілуіне дейінгі 7 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды. Кеңес мүшелері оның отырысына ауыстырылмай қатысады.

Кеңес мүшесі қаралатын іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды, егер ол немесе бірге тұратын жақын туыстары педагогпен туыстық қатынаста болса немесе одан қызметтік немесе өзге де тәуелділікте болса. Кеңес мүшесі бұл жағдайлар туралы іс қаралғанға дейін Кеңеске хабарлауға міндетті.

Кеңес шешімдерді отырысқа қатысқан мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Кеңес мүшелері дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес.

Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның міндетін Кеңес мүшелерінің бірі атқарады.

Кеңес отырысы хаттамамен рәсімделеді, оны Кеңес төрағасы мен хатшысы қол қояды. Кеңес отырысының хаттамасы – отырыстың барысын және қабылданған ұсынымдарды көрсететін ресми жазбаша құжат. Хаттама колледжде сақталады және колледждің іс номенклатурасына енгізіледі.



Физикалық және (немесе) заңды тұлғаның өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алуды қажет етпейтін өтініші Кеңеске түскен күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде қаралады. Ал ақпарат алуды қажет ететін өтініш отыз күнтізбелік күн ішінде қаралады. Нәтижелері өтініш берушіге отырыста немесе қарау аяқталған соң Кеңес хатшысы арқылы дереу хабарланады.

Педагогқа қатысты істі қарау мына жағдайларда тоқтатылады:

1. уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде;
2. демалыста немесе іссапарда болғанда;
3. мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін қызметтік міндеттерін атқарудан босатылғанда;
4. даярлықта, қайта даярлықта, біліктілікті арттыру курсына немесе тағылымдамадан өту кезінде.

Кеңес хатшысы жауапқа тартылатын тұлғаларды отырыстың уақыты мен орны туралы кемінде 7 күнтізбелік күн бұрын хабардар ету шараларын қабылдайды. Жауапқа тартылатын тұлға отырыс өткізілетін күннен кемінде үш күн бұрын тиісті түрде хабарланса, оның қатысуынсыз да іс қаралуы мүмкін.

Осы Ережеде тиісті хабарлау деп тұлғаға хат, тапсырыс хат немесе телеграмма беру, оларды жеке өзіне немесе бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшесіне қолхатпен табыстау немесе хабарландыруды тіркеуді қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарын пайдалану танылады.

Педагогқа жауапкершілік жүктеу мәселесін қарау барысында Кеңес мына сұрақтарды шешеді:

1. педагогтың жауапкершілігін қарауға негіз болған нақты әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;
2. бұл әрекет (әрекетсіздік) әдеп бұзушылық болып табыла ма;
3. әдеп бұзушылықты педагог жасады ма;
4. педагогтың кінәсі бар ма.

Істі қарау қорытындысы бойынша Кеңес білім беру ұйымының басшысына педагогқа тиісті тәртіптік жаза қолдану немесе қолданбау жөнінде ұсыным береді.

Кеңес шешімі ұсынымдық сипатта болады.

Білім беру ұйымының басшысы Кеңес ұсынымдарын қарау барысында еңбек және өзге де заңнаманың талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

Педагогқа қатысты қаралған істер мен сол бойынша қабылданған шешімдер тек оның жазбаша келісімімен жария етіледі. Кеңес хатшысы өтініш берушіге оның өтінішін қарау нәтижелері туралы заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабарлайды. Сонымен қатар өтініш берушіге «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4-тармағы мен осы Ереженің 31-тармағының талаптарын сақтау қажеттілігі түсіндіріледі.